

FTAXP 06.71.07
ЭОЖ 334.7
JEL Q13

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2024-1-2-189-199>

С.С. ТАМЕНОВА,¹

Э.ғ.к., профессор.

e-mail: Sal2023@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-2656-6040

В.Н. СЕЙТОВА*²

PhD, доцент.

*e-mail: Vilena_11@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-4404-4916

Д.Б. БАЛАБЕКОВА,³

Э.ғ.к., аға оқытушы.

e-mail: DinaBal@mail.ru

ORCID ID: 0009-0002-1457-3777

И. КОЖАМКУЛОВА,²

Э.ғ.к., доцент.

e-mail: Alua012@mail.ru,

ORCID ID: 0000-0002-3570-8936

¹«Туран» университеті,

Алматы қ., Қазақстан

²М. Ауэзов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,

Шымкент қ., Қазақстан

³Орталық Азия инновациялық университеті,

Шымкент қ., Қазақстан

ЖЕКЕ ҚОСАЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҚТАРДАҒЫ СҮТТІ ӨНДЕУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ БОЙЫНША ИННОВАЦИЯЛЫҚ КООПЕРАТИВТЕРДІ ҚҰРУ МОДЕЛЬДЕРІ

Андатпа

Мақаланың мақсаты – сүт өндіруші жеке қосалқы шаруашылықтардағы кооперациялық байланыс негізінде құрылатын инновациялық «сүт өңдеу-сату кооперативін» құрудың үлгілерін зерттеу, ұсыныс беру. Ел ішінде сүт өңдеу және сату бойынша сүт өндіруші жеке қосалқы шаруашылықтардағы сүт өңдеу кооперативтерін құру – олардың үлкен әлеуетін пайдалану мен сүт өнімдеріне деген тәуелділікті қысқартудан тұрады. Еліміздің сүт шаруашылығындағы жеке қосалқы шаруашылықтардың кооперациясы негізінде сүт өңдеу кооперативтерін құрудың үлгілері мен нұсқалары ұсынылды: 1) Жеке қосалқы шаруашылықтар арасында кооперациялық байланыс негізінде «инновациялық сүт өңдеу-сату кооперативін» құру; 2) Түркістан облысының жеке қосалқы шаруашылықтарымен жасалған кооперативтік келісім негізінде сүт өңдейтін инновациялық «FoodMaster-Shimkent» ЖШС компаниясының қызметі қаралды; 3) Кооперация үрдісі негізінде аудандағы елді мекендерде тауарлы-сүт фермасы бар сүт өндіру кооперативтерін құру ұсынылды. Себебі, сүт өңдеу және өткізу кооперативтері өздері мүше болған жеке қосалқы шаруашылықтардың сүтін жинау, өңдеу, сатумен қатар жер телімдерін өңдеу, жем-шөп дайындау, асыл тұқымды жас малдарды қамтамасыз ету, өндірістік-техникалық қызмет көрсету міндеттерін өз мойнына алады. Жеке қосалқы шаруашылықтар құрудың негізіне айналған «Сүт өндіруші кооперативтер» арқылы мемлекеттік қолдау (субсидиялар, салықтар мен несиелер бойынша жеңілдіктер) жеке қосалқы шаруашылықтарды сүт өндіруші және сүт өңдеуші кооперативтер көмегімен жүзеге асырады.

Тірек сөздер: құру үлгілері, жеке қосалқы шаруашылық, сүт өнімдері, инновациялық қызмет, сүт өңдеу кооперативі, сүт өңдеу, компания.

Кіріспе

Қазақстан егемендік алғаннан кейін, мал шаруашылығы саласын жекешелендіру негізінде алдыңғы мал шаруашылығы өнімдерін өндіріп жүрген ірі кеңшарлар мен ұжымшарлар, маманданған ірі тауарлы сүт кешендері өз қызметтерін тоқтатты, оның орнына орта немесе шағын жеке серіктестіктер, жеке кәсіпкерлер, шаруа қожалықтары пайда болды, сонымен бірге жеке қосалқы шаруашылықтар өз қызметтерін дамытты [1].

Бірақ елдің барлық аймақтары мен аудандарындағы жеке қосалқы шаруашылықтар саны 2023 ж. басында 1630,2 мың болса, әр отбасында 2 еңбекке қабілетті адам (азамат) бар дегеннің өзінде, ел бойынша 3,3–3,5 млн шаруашылыққа жарамды адам, отбасы немесе жеке қосалқы шаруашылығын жүргізген болар еді. Мемлекет тарапынан осы уақытқа дейін жеке қосалқы шаруашылықтардың әлеуетін толық пайдалануды ешкім ескерген жоқ, мемлекеттік қолдау отыз екі жылдың ішінде мүлдем көрсетілген емес [2].

Жеке қосалқы шаруашылық – бұл тұрғындар мен оның отбасы мүшелерінің елді мекенде орналасқан жер телімінде ауыл шаруашылығы өнімін, соның ішінде сүт өндіру мен қайта өңдеу негізінде өздерінің сұранысын қанағаттандыруға, жеке табыс табу және ауылдық жерде тұрғындарды жұмыспен қамтудың негізгі көзі.

Әдебиетке шолу

Кооперациялық үрдістің теоретигі М.И. Туган-Барановский ауыл шаруашылығы кооперациясының шаруа қожалықтарының қажетті факторы ретінде атап өтті. Оның басты рөлі кооперацияның негізінде жеке қосалқы шаруашылықтар мен шаруа қожалықтары үлкен ауқымда шаруашылықтың игілігі мен артықшылықтарын пайдалану мүмкіндігіне ие болады» – деп атап өтті. Ол «Кооперациялық үрдісті дамытудың негізгі шарты, оның мүшелерінің жоғары экономикалық және әлеуметтік нәтижелерге қол жеткізуге мүдделі болуында және бұл жағдайда кооператив мүшесінің жеке мүддесі кооперативтік қоғамдық өндіріспен ұштасуы тиіс» – деген тұжырымдама жасады [3].

А.В. Чаяновтың пікірінше, «ауыл шаруашылығы саласының негізгі мәселелерінің бірі жеке қосалқы шаруашылықтар мен шаруа қожалықтарында өнім өндіруді ұйымдастыру, оларды қажетті құрал-саймандармен жабдықтау, өнімдерді өткізу және өңдеу қызметтерін атқаратын ұйымдар құру» [4].

Өндірістік кооператив мүшелерінің мүдделерінен өзгеше өзіндік мүдделері бар өзін-өзі қамтамасыз ететін ұйым бола алмайды. Өндірістік кооператив бұл өз мүшелері мен тұтынушыларына қызмет атқаратын ұйым және кооператив олардың алдында тікелей жауапты.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында заманауи талдау әдістері, оның ішінде талдау және синтез, экономикалық-статистикалық талдау, индекстік талдау, өндірістік-шаруашылық мәселелерді талдауға мүмкіндік беретін өткен тәжірибелерге негізделген эксперттік бағалау, салыстыру және қорытындылау әдістері қолданылды.

Еуроодаққа мүше дамыған елдерде көп шаруа (фермер) қожалықтарының бірнеше кооператив құрылымдарға мүше болып, келісім бойынша өнім өндіру, өнімдерін өңдеу және өткізу, сату бойынша кооперативтердің қызметтерінен пайдаланады. Инновациялық жаңалықтарды өндіріске енгізу мемлекеттік (еуропа аралық) қолдау негізінде жүргізіледі. Кооперативтер өз мүшелері шаруашылықтарына «инновациялық климатты» орнату, инновация қызметтерді атқаруды, инновациялық тәсілдер мен үлгілерді енгізуде қолдау көрсетеді [5].

Бірқатар дамыған шет елдердің тәжірибесі көрсеткендей, сүт өндіруші шаруа (фермер) қожалықтары мен отбасы шаруашылықтары өздерінің жеке тұтынуынан қалған артық шикі сүттерін, отбасы бюджетіне табыс табу мақсатында сүт өндейтін кооперативтерге келісім-шартпен тапсырып пайда тауып отырады. Батыс Еуропа елдері соңғы ғасырларда агралық сектордың кез келген саласында әртүрлі кооперативтер құрып, шаруалар мен жеке отбасы

шаруашылықтарына қызметтер атқару арқылы кооператив қозғалысының негізін құрды. Мысалы, Франция елінде сүт бағытындағы 850 өндірістік кооператив 46% – сүт пен май, 33% – ірімшік, 32% – йогуртты өңдеуден өткізіп сатады; Германия елінде ауылшаруашылық кооперативтері арқылы 100% – картоп, 94% – май, 92% – ірімшік, 87% – сүт және сүт өнімдері өңделіп сатылады [6].

Бұл сүт өңдеуші кооперативтердің қызметі дербестікке, демократиялық, экономикалық бастамаға, өзін-өзі басқаруға негізделген сүт өңдеу және сату кооперативтері.

Сондықтан жеке қосалқы шаруашылықтарды инновациялық, кәсіпкерлік рухта терең зерттеуді, дамыған шет елдер мен отандық сүт өндірісі тәжірибесінде оларды кооперациялық байланыс негізінде қарқынды дамыту заңдылықтарын, ұйымдық, өнімдік және маркетингтік инновациялық жетістіктерді ғылыми зерделеп, нәтижелерін сүт шаруашылығы өндірісінде қолданыста жүзеге асыру өзекті.

Негізгі ережелер

Тек жеке қосалқы шаруашылықтарда кооперация негізінде ірі кооперативтер мен бірлестіктер құрса ғана, мемлекет тарапынан қолдау көрсетілуі, субсидия, несиелік жеңілдіктер беру мүмкіндігіне қатысты Қазақстан Республикасы Заңының жобасы «Жеке қосалқы шаруашылық туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 ж. 31 желтоқсандағы № 985 қаулысында жобаланды [7].

Бүгінгі күні жалпы Қазақстанның сүт шаруашылығында өндірілген сүт өнімінің негізгі үлесінде жеке қосалқы шаруашылықтардың 2022 ж. үлесі ел бойынша 70,1%, Түркістан облысы бойынша 93,2% құрады. Мемлекетті ел бойынша 29,9% сүт өндіретін, Түркістан облысы бойынша 6,8% сүт өндіретін азғана акционерлік қоғамдар тобы, серіктестер және шаруа (фермер) қожалықтары ғана қызықтырады ма?

Бірақ Қазақстанның еңбекке қабілетті халқының 40–45% астамы ауылдық елді мекендерде тұратынын ескерсек, мемлекет тарапынан жеке қосалқы шаруашылықтарға қолдау көрсетілмеу ауылдық жерде жұмыссыздық деңгейінің өте жоғары болуына, жеке қосалқы шаруашылықтардың тиімсіз қызмет атқаруына, ел экономикасын арттыруға жеке қосалқы шаруашылықтардың орасан әлеуетін толық пайдалана алмай отырғандығы байқалады.

Мысалы, Түркістан облысы, Көксәйек елді мекенінде инновациялық «ФудМастер-Шымкент» ЖШС сүт компаниясы маңайындағы жеке қосалқы шаруашылықтарынан келісім бойынша жиып алып, шикі сүтті өнеркәсіп технологиясы негізінде өңдеу мақсатында 12 бірлік өндірістік және өнімдік инновацияны, 12 бірлік ұйымдық және қызметтік инновацияны, 14 бірлік маркетингтік инновацияны (сүт жию – өңдеу – буып түю – сату) яғни, тік интеграциялық өндірістік байланысты біртұтас өз өндірісіне толық ендіріп алпыстан аса ассортиментте сүт және сүт өнімдерін өндіріп жатқан инновациялық сүт өңдеу компаниясын құрғандығы анықталды.

Жеке қосалқы шаруашылықтар арасында кооперациялық байланыс негізінде инновациялық «ФудМастер-Шымкент» ЖШС сүт компаниясына қатысушы-мүшелері келісіммен өндірген сүттерін жиып, сұранысқа ие ассортименттік сүт және сүт өнімдерін өндіру, өңдеу, буып-түю және тұтынушыға сауда желісі арқылы сатуды, сүт компаниясы өзі атқарады немесе кооперация негізінде мүше болған сүт өңдеу-сату кооперативтері арқылы сату, оларға жоғары деңгейдегі кооперативтік табыс алуға мүмкіндік береді [8].

Ел ішіндегі азық-түлік, соның ішінде сүт және сүт өнімдеріне деген қауіпсіздігін сақтау тек жеке қосалқы шаруашылықтарының орасан әлеуетін кооперация негізінде шоғырландыру және іріленген сүт кооперативтерін құру арқылы толық пайдалана аламыз. Сондықтан, ел экономикасы мен халықтың мүддесі үшін жеке шаруашылықтарда сүт және сүт өнімдерін тиімсіз өндіріп жатқан жеке қосалқы шаруашылықтарға мемлекет қолдау көрсетіп, кооперация байланысы негізінде, инновациялық озық техника мен технологияларды қолданатын ірі сүт өңдеу-сату кооперативтерін мемлекет тарапынан ұйымдастырылуы және құрылуы шарт [9].

Нәтижелер мен талқылау

Түркістан облысы аудандарындағы жеке қосалқы шаруашылықтардың сүт өнімдерін кооперация үрдісі негізінде сүт өңдеуші-сатушы кооперативтерге келісіммен тапсыру, жалпы сүт өнімдерін өндірудің технологиялық циклдердің (өндіріс – өңдеу – сақтау – сату) толық атқарылуына алып келеді. Бұл облыстағы тұрғындардың сүт және сүт өнімдеріне сұранысын тұрақты қамтамасыз етуге және шет елдерден импорттық сүт және сүт өнімдерін сатып алуға тәуелділік деңгейін төмендетеді.

Шикі сүт өндіруші жеке қосалқы шаруашылықтар өнімдерін жиып, сүт өңдеуші-сатушы кооперативтер арқылы нарық қатысушыларына (жеке қосалқы шаруашылықтары, сүт өңдеуші кооператив, сүт тұтынушылар және т.б.) сату барынша тиімді. Сүт өндіруші жеке қосалқы шаруашылықтар сүт өңдеуші-сатушы кооперативтердің өндірістік қуатын толық қамтамасыз ету мақсатында шикі сүтпен келісілген шарт бойынша барынша тұрақты және өз уақытында қамтамасыз етіп отырады.

Зерттеу барысында өндірістік кооператив негізінде құрылған сүт өңдеу-сату кооперативтерінің екі түрі жиі қалыптасқаны анықталды.

Бірінші түрі сүт өндіруші жеке қосалқы шаруашылықтарда кооперациялық байланыс негізінде құрылған (сүт жию – тасымалдау – өңдеу – сату) қызметтерін атқаратын өңдеуші-сатушы кооперативтік құрылымдарға айтылады. Бұл сүт өңдеуші-сатушы кооперативтер келісім-шарт негізде қатысушы мүшелерімен кооператив түрінде құрылады, барлық қатысушылар өздерінің құқықтық және экономикалық тәуелсіздігін сақтайды. Кооперативтік құрылымды басқаруды қатысушы мүшелердің басшыларынан тұратын кеңес басқарады. Жеке қосалқы шаруашылықтар мен сүт өңдеу-сатушы кооперативтердің өзара байланыстары келісім-шарттар негізінде жүргізіледі. Кооперативтік құрылымдардың шешімдері бір мүше – бір дауыс қағидасы негізінде қатысушы мүшелер алқасымен қабылданады [10].

Қазақстандағы сүтті мал шаруашылығы саласында құрылған сүт өңдеу-сату кооперативтерінің негізгі қызметі жеке қосалқы шаруашылықтарға қызмет ету, өндірістік кооперативтерінің дамуына ықпал ететін әр түрлі қызметтер атқаратын кооперативтерден құралады. Сүт өңдеу-сату кооперативтері жеке қосалқы шаруашылықтармен қатар, инфрақұрылымдық қызметтерді атқаратын басқа да ұйымдарды, өз кооперативтері қатарына қатысушы мүше ретінде қосып олардың қызметін пайдалануы мүмкін.

Инновациялық кооперация үрдісі сүт өнімдерін жию, қайта өңдеу және сату бойынша жеке қосалқы шаруашылықтары аралық кооперативтік бірлесуді ұйымдастырумен құрылады және келесілерге тән:

- ♦ инновациялық кооперация үрдісі жеке қосалқы шаруашылықтар аралық бірлесе қаржылана құрылған сүт өңдеу-сату кооперативтері арқылы шығындарды үнемдеуге (сүтті жию, тасымалдау, өңдеу, сату) мүмкіндік береді;
- ♦ инновациялық кооперация негізінде сүт кооперативтеріне қатысушы-мүшелері шикі сүтті жию, өңдеуге тасымалдауды арнайы сүт көлігімен тиімді ұйымдастырып тасымалдайды;
- ♦ инновациялық кооперация негізінде сүт өңдеуші кооператив жеке қосалқы шаруашылықтардың шикі сүтін жию, сақтау, тасымалдауды өз міндетіне алады.

Шикі сүтті өңдеуші инновациялық сүт кооперативтері өздеріне ең жақын орналасқан ауылдық елді мекендердегі жеке қосалқы шаруашылықтарымен кооперациялық келісім-шарт негізінде, оңтайлы санын анықтап кооперативке қатысушы-мүше ретінде қабылдайды. Аудан аумағындағы сүт өндіруші жеке қосалқы шаруашылықтар өндірген сүттерін сүтті өңдейтін, сататын кооперативтерге кооперациялық байланыс негізінде тапсырады, өткізу және сату қызметтерін кооперативтер атқарып жүзеге асырады [11].

Қазақстан және Түркістан облысының сүт саласындағы инновациялық үрдістердің сала ішіндегі әртүрлі санаттардың дамуына ықпалын және салалық құрылымдарын өзгертуге тигізетін әсерін зерделеп, оларды төрт негізгі бағытқа бөлсе болады:

- ♦ сүт саласында жеке қосалқы шаруашылықтарда шығындарды үнемдеу үшін өндірісті ұлғайту, кооперациялық негізде шоғырландыру, ірі маманданған сүт кооперативтерін қалыптастыру;
- ♦ жеке қосалқы шаруашылықтар аралық тауарлы сүт фермаларын құру, маманданған сүт өндірісінің тауарлық дәрежесін асыру;

- ♦ сүт өндіретін жеке қосалқы шаруашылықтарара құрылған инновациялық сүт кооперативтерінде: қажетті озық техника және технологияларға инвестиция тартуды, инновациялық ғылыми жетістіктерді, жаңалықтарды ендіруге мемлекеттік қолдау көрсету;

- ♦ жеке қосалқы шаруашылықтар арасында кооперация негізінде шоғырлануына, іріленген сүт өңдеу кооперативтерін ұйымдастырып үйлесімді, тиімді шаруашылық қызметтерін бірлесе атқаруға мүмкіндік тудырады.

Сүт өңдеу-сату кооперативі қатысушы мүшелерінің өндірістік байланысын жетілдіруге ерекше көңіл бөлуі қажет, яғни, сүтті сақтауға тоңазытқыштар, нәсілді құнажындар, жер телімін өңдейтін, жем-шөп жинайтын техника, ветеринариялық дәрі-дәрмек т.б. жеткізуді және құрал-жабдықтарды жөндеу және т.б. қызметтерін жүзеге асыруды өз міндеттеріне алуы тиіс.

Сүт өңдеу-сату кооперативтерінің қатысушы мүшесі ретінде жеке қосалқы шаруашылықтар алдында кооперативтің негізгі міндеттері төмендегілерден құралады:

- ♦ сүтті мал табынның сүт өнімділігін арттыру, аналық сүтті сиырды асыл тұқымды жас төлдермен өз уақытында айырбастап отыру және сиырдың санын көбейту;

- ♦ сауынды сиырларды толық және теңгерімді рационмен азықтандыру және тиімді азық базасын құру;

- ♦ шикі сүт пен сүт өнімдерін өңдеу, сақтау және тасымалдауда инновациялық тоңазытқыш, кондырғылар мен арнайы көліктерді пайдалану.

- ♦ сүтті терең өңдеу – сақтау – тасымалдауда озық технологияларын игеру, сүт өнімдерінің асортиментін ұлғайту;

- ♦ өнімді тұтынушыға жылжытудың инновациялық әдістерін (интернет желісі және т.б.) меңгеру.

Сүт өңдеуші-сатушы кооперативтері өз мүшелерінің атынан сүт және сүт өнімдерін сатады, кооператив өз мүшелері үшін қызмет атқарады. Сүт өңдеуші-сатушы кооператив қатысушы-мүшелерінің шикі сүтті өңдеп сатудан басқа, бірнеше қызметтерін келісім негізде атқарады. Мысалы, аралас-құрама жеммен, дәруменді қоспалармен, ветеринариялық дәрі-дәрмектермен, асыл тұқымды төлдермен қамтамасыз ету мүшелердің шаруашылық қызметіне керекті материалдық-техникалық ресурстарды жеткізу, жөндеу қызметтерін атқарады.

Елді мекендерде жеке қосалқы шаруашылықтарға ұйымдастырылатын инновациялық сүт өңдеу-сату кооперативтерін құру бойынша бірнеше үлгі, нұсқалары ұсынылады [12].

Бірінші нұсқа. Жеке қосалқы шаруашылықтары кооперациялық байланыс негізінде «сүт өңдеу-сату инновациялық кооперативі» ұйымдастырылып, оны құрады, әр бір жеке қосалқы шаруашылықтар келісім-шарт негізінде кооперативтің қатысушысы мүшесі болды және олар өндірген шикі сүттерін кооперативке тапсыруды өз міндеттеріне алады. Жеке қосалқы шаруашылықтар бір бөлшек сүтін өздері тұтынуы мүмкін, сонымен қатар қажет болса жеке тұрғындар шаруашылығы тарапынан отбасы мүшелері сүт кооперативіндегі шаруашылық қызметтерді атқара алады.

Сүт өңдеу-сату инновациялық кооперативі жеке қосалқы шаруашылықтарға олардың «сүт өндіруші кооперативі» (тауарлы сүт фермасы) арқылы: жер телімін өңдеу, жем-шөп дайындауға жәрдем, жас мал төлімен қамтамасыз ету және өндірістік-техникалық қызметтерді оңтайлы мерзімде атқару, өңделген сүт өнімдерді сатуды атқарады. Сонымен қатар қатысушы мүшелерін құрал-саймандармен жабдықтауға, жөндеу жұмыстарына, қаржылық немесе тауарлық несие алуға көмек көрсетуді, келісім жасап орындауды өз міндеттеріне алады [13].


Екінші нұсқа. Түркістан облысының жеке қосалқы шаруашылықтарының шикі сүтін өңдеу және сатумен шұғылданатын екі түрдегі кооперациялық байланыс қарастырылған:

- 1) Түркістан облысы аудандарындағы жеке қосалқы шаруашылықтардың шикі сүтін кооперациялық келісім-шарт бойынша өз меншігіндегі арнайы сүт көлігімен жиып, терең өңдеп, сүт өнімдерін сатумен шұғылданатын инновациялық «ФудМастер-Шымкент» ЖШС сүт өңдеу компаниясы;

- 2) аудандағы елді мекендердегі жеке қосалқы шаруашылықтардың шикі сүтін кооперация үрдісі негізінде жыйып тасымалдайтын «сүт өндірісі кооперативі» (кооператив ішінде, тауарлы сүт фермасы құрылып, елді мекен аумағынан тыс орналасуы да мүмкін);

- 3) сүт өңдеу және өткізумен шұғылданатын инновациялық «сүт өңдеу-сату кооперативі». Бұл инновациялық сүт өңдеу-сату кооперативі өңделген сүт өнімдерін өткізу және сатумен

шұғылданады. Сонымен бірге бұл кооператив жеке қосалқы шаруашылықтарға: жер телімін өңдеу, жем-шөп дайындауға жәрдем, жас мал төлімен қамтамасыз ету және өндірістік-техникалық қызметтерді атқарады, жабдықтауға, жөндеу жұмыстарына, қаржылық немесе тауарлық несие беруге қолдау жасайды (1-сурет).



Сурет 1 – Жеке тұрғындар шаруашылықтары мен сүт өңдеу, сату кооперативі аралық инновациялық кооперация байланысы сызбасы

Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.

Аудандағы жеке қосалқы шаруашылықтар өздері өндірген шикі сүттерін нарық бәсекесіне сай, жоғарыдағы аталған екі сүт өңдеу кәсіпорындарын таңдай отырып: алдыннан қызмет атқарып келе жатқан, инновациялық «ФудМастер-Шымкент» ЖШС сүт өңдеу компаниясына немесе жаңа құрылатын инновациялық сүт өңдеу-сату кооперативтеріне келісім-шарт бойынша сүтін тапсырады.

Бұл инновациялық сүт өңдеу-сату кооперативі мен сүт өңдеу компаниясы жеке қосалқы шаруашылықтардың сүт өндіру кооперативі (тауарлы сүт фермасы) арқылы олардың жер телімін өңдеу, құрал-саймандармен қамтамасыз ету, несиe, тауар несиесін беруді ұйымдастыру және көрсетілетін мемлекеттік қолдауларды: субсидия, несиелік және салықтық жеңілдіктер және т.б. жеке қосалқы шаруашылықтарға берілуін ұйымдастырып жүзеге асырады.

Бұл бәсекелестік жағдай жеке қосалқы шаруашылықтар үшін де сүт өңдеуші компания мен сүт өңдеу-сату кооперативі үшін де өз мүдделерін қорғауға жағдай жасайды. Жеке қосалқы шаруашылықтардың шикі сүтіне баға деңгейінің төмендеп кетпеуіне, ортадағы келісім-шарттың толық орындалуына, барлық қатысушы мүшелердің бәсеке жағдайында мүдделерінің орындалуына, табыстарының артуына алып келеді.

Жеке қосалқы шаруашылықтар сүт өндірісі кооперативтері, сүт өңдеу-сату кооперативтерімен өзара қатынаста болған экономикалық-қаржылық тетіктері арқылы бір-біріне өзара қолдау көрсетіп және ортадан өзін-өзі қаржыландыра алады [14].

Түркістан облысы сүт өндіруші жеке қосалқы шаруашылықтар мен сүт өңдеуші кооперативтер, компанияларда тік интеграциялық технологиялық кезеңдері мен сатыларының нақты қолданыстағы және ұсынылатын тік кооперациялық-интеграциялық байланыстар сызбасы берілген. Әр сүт өндіруші сүт шаруашылығы санаттары, сүт өңдеуші кооперативтер мен сүт компаниялары қандай инновациялық ұйымды және өндірісті, қандай инновациялық қызметті және үрдісті, маркетингтік инновацияны ұйымдастырғанын кестеден байқаймыз (1-кесте, 195 б.).

1-кестеден байқайтынымыз, жеке қосалқы шаруашылықтар тек сүт өндірісімен шұғылданады және сүттерін, жеке қосалқы шаруашылықтары аралық «сүт өндірісі кооперативіне» жиып өткізеді, олар өз кезегінде сүт өңдеуші-сатушы инновациялық «ФудМастер-Шымкент» ЖШС компаниясына немесе сүт шарушылығын тұтыну «Сайрам сүт» кооперативіне өткізеді. Сонымен бірге ұзақ елді мекендердегі жеке қосалқы шаруашылықтардан шикі сүттерін өздерінің меншіктегі арнайы сүт көлігімен жиып алған «сүт жинаушы жеке кәсіпкерлер» жиылған сүттерін келісім жасасқан сүт өңдеу ұйымдарына өткізеді.

Жеке кәсіпкерлер жиналған сүтті өз көліктерімен табыс алу мақсатында сүт өңдеуші ЖШС «ФудМастер-Шымкент» компаниясына, сүт шарушылығы тұтыну «Сайрам сүт» кооперативіне немесе басқа да «сүт өңдеу-сату кооперативтеріне» өңдеуге есептік бағада тапсыруы қарастырылған. Сүт өңдеуші-сатушы «ФудМастер-Шымкент» ЖШС компаниясы өздерінің меншікті арнайы көлігімен шикі сүтті қатысушы мүшелерінен мүмкіндігінше өздері жиып алуды қолға алған.

Сүт өңдеуші инновациялық ЖШС «ФудМастер-Шымкент» компаниясы мен сүт шарушылығы тұтыну кооперативі «Сайрам сүт» жеке тұрғындар шаруашылықтары арасында сүт өндіру кооперативінің жеке қосалқы шаруашылықтар мен жеке кәсіпкерлерден сүт (жию – өңдеу – буып түйю – қораптау – сату) технологиялық үрдістерін, кезеңдерін толық жүзеге асыруда.

Кесте 1 – Түркістан облысы жеке қосалқы шаруашылықтары мен сүт өңдеу-сату кооперативтері, компаниялары арасындағы қолданыстағы және ұсынылатын тік кооперациялық-интеграциялық байланыстар сызбасы

Жеке шаруашылықтар, сүт өңдеу кооперативтері, сүт компаниялары	Технологиялық кезеңдер, сатылар						
	Сүт өндірісі	Сүт жию	Сүтті тасмалдау	Сүтті өңдеу	Сүтті қораптау, буып-түйю	Көтерме сауда	Бөлшек сауда
1	2	3	4	5	6	7	8
Жеке қосалқы шаруашылықтары (сүт өндірушілер)	+	-	-	-	-	-	-
Жеке қосалқы шаруашылықтары сүт өндірісі кооперативі	+	+	+++*	-	-	+	-
Жеке кәсіпкерлер (сүт жиюшы, тасмалдаушы)	-	+	+++*	-	-	+	-
Сүт өңдеу-сату кооперативтері	-	-	+++*	+	+	+	+
«ФудМастер-Шымкент» ЖШС сүт өңдеу компаниясы	-	+	+++*	+	+	+	+
«Сайрам сүт» сүт шарушылығы тұтыну кооперативі	-	+	+++*	+	+	+	+

Ескертпе: [7] дереккөз негізінде құрастырылған.

Аймақтағы жеке қосалқы шаруашылықтар сүттерін өздері мүше болған сүт өндірісі кооперативтеріне беруінің себебі, олар тапсырған сүттерінің бір жерге жиылып, нақты көлемін анықтауға және сүт өңдеу-сату кооперативтеріне өткізуі арқылы, келісім бойынша олардан алынатын инновациялық қызметтерді (жер өңдеу, төлмен қамту, сүт өңдеу, сату, жөндеу және т.б.) сонымен қатар мемлекеттік қолдау бойынша (субсидия, дотация, несие және салық жеңілдіктері және т.б.) сүт өндіруші кооперативтер арқылы жүзеге асыру қарастырылған.

Бұл аймақ немесе аудан бойынша кімде қанша сауынды сиыр бар, кім қанша сүт тапсырды, кімге қандай инновациялық қызметтер атқарылуы тиіс, кімге, қанша мемлекет тарапынан субсидия немесе салықтық қолдау берілуін бір жерден орындалуын қадағалап бақылауға мүмкіндік тудырады [15].

Қорытынды

Елдің сүт шаруашылығын өнеркәсіптік негізде дамыту, сала ішінде ұйымдастырылып жатқан сүт өңдеу-сату кооперативтері мен олардың қатысушы мүшелері шаруашылықтарын мемлекеттік қолдау арқылы озық техника және технологиямен қамтамасыз ету ел ішіндегі сүт саласы экономикасының қарқынды дамуына жағдай жасайды.

Түркістан облысы сүт өндіруші жеке қосалқы шаруашылықтар мен сүт өңдеу-сату кооперативтері, компаниялар аралық қолданыстағы және ұсынылатын тік интеграциялық байланыстар сызбасы ұсынылды.

Қазақстан мен Түркістан облысындағы жеке қосалқы шаруашылықтар арасында кооперациялық келісім арқылы құрылатын «инновациялық сүт өндірісі кооперативі» мен «инновациялық сүт өңдеу-сату кооперативтері» мен сол қатысушы мүшелері болған жеке қосалқы шаруашылықтар аралық кооперациялық байланыстардың қолданыстағы және ұсынылатын нұсқалары мен суреттеме үлгілері ұсынылды.

Қай нұсқаны тәжірибеде қолданбасының барлығына қойылатын шарт, сүт өңдеу-сату кооперативтерінің қатысушы мүшесі болған жеке қосалқы шаруашылықтарды нәсілді жас төлмен, құнажындармен қамту, техника, аралас құрама жем, жаңалығы, ветеринарлық қызметтер мен дәрі-дәрмектер және т.б. кооператив тарапынан қамтамасыз етілуін, инновациялық кооперация негізінде стратегиялық дамуды қалыптастыруды ұсыну.

Қорыта келгенде, кооперация негізінде жеке қосалқы шаруашылықтар арасында инновациялық сүт өндірісі кооперативі мен инновациялық сүт өңдеу-сату кооперативтерін құру оларға қатысушы мүше ретінде олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының өсуіне, елдегі сүт шаруашылығы саласы мен сүт өңдеу кәсіпкерлік құрылымдардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, тұрғындардың сүт өнімдеріне деген азық-түлік қауіпсіздігін қорғауға жағдай жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ускенов М.К. Специализация и кооперация сельскохозяйственного производства. Монография. – Шымкент: Изд. «Нұрлы бейне», 2014. – 152 с.
- 2 Түркістан облысындағы ауыл, орман және балық шаруашылығы, 2017–2021 жж. // Түркістан. Статистикалық жинақ. – 2022. – 140 б. URL: <http://stat.gov.kz>
- 3 Туган-Барановский М.И. Социальные основы кооперации. / МГУ им. М.В. Ломоносова, Экономический факультет. – М.: Экономика, 1989. – 496 с.
- 4 Чаянов А.В. Основные идеи и формы организации сельскохозяйственной кооперации / АН СССР, Ин-т экономики. – М.: Наука, 1991. – 454 с.
- 5 Муталиева А., Дырка С., Сейтова В., Махатова А., Ускенов М. Analysis and forecast of milk production development in Kazakhstan // Қазақстан республикасы ұлттық ғылым академиясы Абай атындағы ҚҰПУ Хабаршысы. – 2022. – № 5(399). – С. 322–231.
- 6 «Жеке қосалқы шаруашылық туралы» Қазақстан Республикасы заңының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 985 қаулысы.
- 7 «ФудМастер-Шымкент» ЖШС статистикалық мәліметтері. 2017–2021 жж. – Шымкент, 2022.
- 8 Патрик Э., Яшин В. Инновационная деятельность в Германии // Проблемы теории и практики управления. – 2009. – № 1. – С. 78–85.
- 9 Hadhri W., Arvanitis R., M’Henni H. Determinants of innovation activities in small and open economies: the Lebanese business sector // Journal of Innovation Economics & Management. 2019, no. 3(21), pp. 77–107.
- 10 Ускенов М.К., Есболова А.Е., Муталиева А.А. Сүт шаруашылықтарын инновациялық-кооперация негізінде дамыту / М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент. «Әуезов оқулары-19: Тәуелсіз Қазақстанға –

30 жыл» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның еңбектері. – 2021. – Том 4. – 347–349 б.

11 Беликова И.П. Развитие инновационного предпринимательства в России на основе использования зарубежного опыта // Экономика и предпринимательство. – 2016. – № 11–2(72–2). – С. 381–385.

12 Myrzaliyev B., Mustafayeva B., Shinet G., Kaltayeva S., Mutaliyeva A.A. Features of Strategic Planning in Agricultural Production in Kazakhstan // Reviews in Agricultural Science. 2023. Vol 11. P. 1–19. (Scopus)

13 Uskenov M.K., Aidarova A.B., Esbolova A.E. Formation and development of innovative organizational forms of integration in poultry farming // Statistics, accounting and auditing. 2018, no. 4(71), pp. 172–176. URL: <http://sua.aesa.kz/>, <http://www.aesa.kz/>

14 Ускенов М.К., Есболова А.Е., Муталиева А.А. Сүт шаруашылықтарын инновациялық-кооперация негізінде дамыту // Труды Международной научно-практической конференции «Ауэзовские чтения – 19: 30 лет независимости Казахстана». – Шымкент: ЮКУ им. М. Ауэзова, 2021.

15 Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013–2020 жылдарға арналған «Агробизнес–2020» бағдарламасы. – Астана, 2013. – 100 б.

REFERENCES

1 Uskenov M.K. (2014) Specializacija i kooperacija sel'skohozjajstvennogo proizvodstva. Monografiya. Shymkent: Izd. «Nырly bejne», 152 p. (In Russian).

2 Түркістан облысындағы ауыл, орман және балық шаруашылығы, 2017–2021 жж. // Түркістан. Статистикалық жинақ. 2022. 140 б. URL: <http://stat.gov.kz/>. (In Kazakh).

3 Tugan-Baranovskij M.I. (1989) Social'nye osnovy kooperacii. / MGU im. M.V. Lomonosova, Jekonomicheskij fakul'tet. M.: Jekonomika, 496 p. (In Russian).

4 Chajanov A.V. (1991) Osnovnye idej i formy organizacii sel'skohozjajstvennoj kooperacii / AN SSSR, In-t jekonomiki. M.: Nauka, 454 p. (In Russian).

5 Mutaliev A., Dyrka S., Seitova V., Mahatova A., Uskenov M. (2022) Analysis and forecast of milk production development in Kazakhstan // Qazaqstan respublikasy ultiq ғылым akademiasy Abai atyndaғы QҰПУ Habarşysy. No. 5(399). P. 322–231. (In Kazakh).

6 «Jeke qosalqy şaruашылық туралы» Qazaqstan Respublikasy zañыnyñ jobasy туралы Qazaqstan Respublikasy Ұкіметінің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы No. 985 қаулысы. (In Kazakh).

7 «FudMaster-Şymkent» JŞS statistikalyq мәліметтері. 2017–2021 жж. – Şymkent, 2022.8 Patrik Je., Jashin V. Innovacionnaja dejatel'nost' v Germanii // Problemy teorii i praktiki upravlenija. 2009. No. 1. P. 78–85. (In Kazakh).

9 Hadhri W., Arvanitis R., M'Henni H. (2019) Determinants of innovation activities in small and open economies: the Lebanese business sector // Journal of Innovation Economics & Management, no. 3(21), pp. 77–107. (In Russian).

10 Uskenov M.K., Esbolova A.E., Mutaliev A.A. (2021) Syt шаруашылықтарын innovacijalyқ-kooperacija negizinde damytu / M. Әуезов атындағы ОҚУ, Shymkent. «Әуезов оқулары-19: Тәуелсіз Қазақстанға – 30 жыл» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның еңбектері. V. 4. 347–349 p. (In Russian).

11 Belikova I.P. (2016) Razvitie innovacionnogo predprinimatel'stva v Rossii na osnove ispol'zovanija zarubezhnogo opyta // Jekonomika i predprinimatel'stvo. V. 11–2(72–2). P. 381–385. (In Russian).

12 Myrzaliyev B., Mustafayeva B., Shinet G., Kaltayeva S., Mutaliyeva A.A. (2023) Features of Strategic Planning in Agricultural Production in Kazakhstan // Reviews in Agricultural Science. Vol. 11. P. 1–19. (Scopus). (In English).

13 Uskenov M.K., Aidarova A.B., Esbolova A.E. (2018) Formation and development of innovative organizational forms of integration in poultry farming // Statistics, accounting and auditing, no. 4(71), pp. 172–176. URL: <http://sua.aesa.kz/>, <http://www.aesa.kz/>

14 Uskenov M.Q., Esbolova A.E., Mutaliev A.A. (2021) Süt шаруашылықтарын innovacijalyқ-kooperacija negizinde damytu // Trudy Mejdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferensii «Aueзовskie chtenia – 19: 30 let nezavisimosti Kazahstana». Şymkent: İUKU im. M. Aueзова. (In Kazakh).

15 Qazaqstan Respublikasynda agroönerkәсіptik keşendi damytu jöniндегі 2013–2020 жылдарға арналған «Агробизнес–2020» бағдарламасы. Астана, 2013. 100 p. (In Kazakh).

С.С. ТАМЕНОВА,¹

к.э.н., профессор.

e-mail: Sal2023@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-2656-6040

В.Н. СЕЙТОВА,^{*2}

PhD, доцент.

*e-mail: Vilena_11@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-4404-4916

Д.Б. БАЛАБЕКОВА,³

к.э.н., ст. преподаватель.

e-mail: DinaBal@mail.ru

ORCID ID: 0009-0002-1457-3777

И. КОЖАМКУЛОВА,²

к.э.н., доцент.

e-mail: Alua012@mail.ru,

ORCID ID: 0000-0002-3570-8936

¹Университет «Туран»,

г. Алматы, Казахстан

²Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова,

г. Шымкент, Казахстан

³Центрально-Азиатский инновационный университет,

г. Шымкент к., Казахстан

МОДЕЛИ СОЗДАНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ КООПЕРАТИВОВ ПО ПЕРЕРАБОТКЕ И РЕАЛИЗАЦИИ МОЛОКА В ЛИЧНЫХ ПОДСОБНЫХ ХОЗЯЙСТВАХ

Аннотация

Цель статьи – изучить модели создания инновационного «молокоперерабатывающего кооператива», создаваемого на основе кооперационных связей с молокопроизводящими личными подсобными хозяйствами, дать рекомендации. На основе создания молокоперерабатывающих кооперативов в личных подсобных хозяйствах по переработке и реализации молока внутри страны осуществляется использование их большого потенциала и сокращение зависимости от молочной продукции. Представлены модели и варианты создания молокоперерабатывающих кооперативов на основе кооперации личных подсобных хозяйств в молочном хозяйстве страны: 1) создание «молокоперерабатывающего инновационного кооператива» на основе кооперационной связи с личными подсобными хозяйствами; 2) по кооперационному соглашению с личными подсобными хозяйствами Туркестанской области рассмотрена деятельность инновационной молокоперерабатывающей компании ТОО «ФудМастер-Шымкент»; 3) в населенных пунктах района предложено создать «молочный производственный кооператив» с товарно-молочной фермой на основе процесса кооперации. Это связано с тем, что молокоперерабатывающие и сбытовые кооперативы наряду со сбором, переработкой, реализацией молока личных подсобных хозяйств, членами которых они являлись, берут на себя обязанности по обработке земельных участков, заготовке кормов, обеспечению племенного молодняка, осуществлению производственно-технических услуг, государственной поддержки личных подсобных хозяйств. Государственная поддержка (субсидии, льготы по налогам и кредитам) через «молокопроизводящие кооперативы», в рамках которой созданы личные подсобные хозяйства, предусмотрена поддержка личных подсобных хозяйств через молокопроизводящие и молокоперерабатывающие кооперативы.

Ключевые слова: модели создания, личное подсобное хозяйство, молочные продукты, инновационная деятельность, молокоперерабатывающий кооператив, переработка молока, компания.

S.S. TAMENOVA,¹

c.e.s., professor.

e-mail: Sal2023@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-2656-6040

V.N. SEITOVA,^{*2}

PhD, associate professor.

*e-mail: Vilena_11@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-4404-4916

D.B. BALABEKOVA,³

c.e.s., senior lecturer.

e-mail: DinaBal@mail.ru

ORCID ID: 0009-0002-1457-3777

I. KOZHANKULOVA,²

c.e.s., associate professor.

e-mail: Alua012@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-4268-9382

¹Turan University,

Almaty, Kazakhstan

²M. Auezov South Kazakhstan University,

Shymkent, Kazakhstan

³Central Asian Innovation University

Shymkent, Kazakhstan

MODELS FOR CREATING INNOVATIVE COOPERATIVES FOR PROCESSING AND SALES OF MILK IN PRIVATE FARMS

Abstract

The purpose of the article is to study the models for creating innovative “milk processing cooperative”, created on the basis of cooperative relations with dairy-producing personal subsidiary farms, to give recommendations. Based on the creation of dairy processing cooperatives in private subsidiary farms for processing and selling milk within the country, their great potential is being used and dependence on dairy products is being reduced. The models and options for creating dairy processing cooperatives based on the cooperation of private subsidiary farms in the dairy industry of the country are presented: 1) the creation of a “dairy processing innovation cooperative” based on a cooperative relationship with personal subsidiary farms; 2) under a cooperative agreement with personal subsidiary farms of the Turkistan region, the activities of the innovative dairy processing company FoodMaster-Shymkent LLP were considered; 3) the creation of a “dairy production cooperative” with a commercial dairy farm in the settlements of the district is suggested, based on the cooperation process. This is due to the fact that dairy processing and marketing cooperatives, along with the collection, processing, and sale of milk from personal subsidiary farms, of which they were members, assume responsibilities for processing land plots, foraging, providing breeding young animals, providing production and technical services, and state support for personal subsidiary farms. State support (subsidies, tax and credit benefits) through “milk-producing cooperatives”, in which personal subsidiary farms are created, support for personal subsidiary farms is provided through milk-producing cooperatives and milk-processing cooperatives.

Key words: creation of models, personal subsidiary farm, dairy products, innovation activity, milk processing co-operative, milk processing, company.